

**Нұр - Сұлтан қаласы әкімдігінің  
№ 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК  
өзін-өзі бағалау жұмысының  
МАЗМҰНЫ**

**I бөлім ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ**

1. №80 «Ботақан» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын туралы жалпы мәлімет
2. Аттестаттаудан өтуге өтініш
3. №80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК «Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы» бұйрығы
4. №80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК өзін-өзі бағалаудың іс-шаралар жоспары

**II бөлім ОҚУ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ**

1. №80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК білім беру тұжырымдамасы
2. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының оқу-тәрбие қызметінің талдауы
3. Балабақшадағы 2018-2021 оқу жылдары аралығындағы эксперимент алаңы жұмысының қорытынды талдауы
4. 2017-2022 жылдар аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша жүргізілген мониторингтің талдауы
5. 2017-2021 жылдар кезеңіндегі педагогикалық кадрлық қамтамасыз етілуіне талдау
6. №80 «Ботақан» балабақшасында психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру
7. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстың талдауы

**III бөлім ҚАУІПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ**

1. Материалдық-техникалық база туралы мәлімет
2. 2017-2021 жылдар арасындағы медициналық алдын – алу жұмыс тиімділігінің салыстырмалы талдауы

**IV бөлім Мектепке дейінгі білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауының қорытындысы**

1. №80 «Ботақан» балабақшасының тәрбиеленушілерінің ата-аналарына(заңды өкілдеріне) жүргізілген сауалнама нәтижесінің анықтамасы
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша тәрбиешілердің сапалық құрамы
3. Тәрбиеленушілердің конкурстарға қатысу нәтижелері
4. №80 «Ботақан» балабақшасының өзін-өзі бағалау парағы
5. Педагогикалық кеңес хаттамасы
6. Қамқоршылық кеңес хаттамасы
7. Қосымшалар

**№80 «Ботақан» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын  
туралы жалпы**

**МӘЛІМЕТ**

- 1. Білім беру ұымының атауы:** Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
№80«Ботақан балабақшасы мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр  
ауданы, С.Торайғыров көшесі, 11 үй;
- 3. Заңды тұлғаның байланыс деректері:**  
Телефон: 87172-72-92-30;  
Электронды пошта: [80botakan@mail.ru](mailto:80botakan@mail.ru),  
Web-сайт: 80botakan-sad.kz;
- 4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:**  
Меңгеруші: Дюсенова Жанар Сейткалиевна  
№84 02.03.2017 жылғы «Астана қаласының  
Білім басқармасы» ММ жұмысқа қабылдау  
туралы бұйрығы; *(қосымша 1)*
- 5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:**  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы  
«29» қаңтар №107 - 226 қаулысына 75 –  
қосымша, №80«Ботақан балабақшасы  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының жарғысы,  
Қаулы №107-226 29.01.2020 жыл мектепке  
дейінгі ұйымдарды қайта атау туралы,  
16.03.2020 жылғы заңды тұлғаны қайта  
тіркеу туралы анықтама; *(қосымша 2)*
- 6. Рұқсат беру құжаттары:**  
ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім  
Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету  
комитеті, мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқыту саласындағы қызметтің басталғаны  
туралы **Хабарлама №KZ2RVK00023892,**  
08.06.2020жыл. *(қосымша 3)*

**Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
Білім және ғылым саласында  
сапаны қамтамасыз ету  
комитетінің  
Нұр-Сұлтан қаласының Білім  
саласында сапаны қамтамасыз ету  
департаментінің  
басшысы \_\_\_\_\_  
№80 «Ботақан» балабақшасының  
меңгерушісі Ж.С.Дюсеновадан**

### **ӨТІНІШ**

Сізден Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кіспорнын Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымы ретінде аттестаттауыңызды өтінемін.

**Меңгеруші**

**Ж.С.Дюсенова**

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ  
№80 "БОТАҚАН" БАЛАБАҚШАСЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ  
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ  
ПРЕДПРИЯТИЕ ЯСЛИ-САД  
№ 80 "БОТАҚАН" АКИМАТА  
ГОРОДА НУР-СУЛТАН

### БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 12 қараша  
Нұр-Сұлтан қаласы

### ПРИКАЗ

№ 48-1-Н/К  
город Нур-Султан

#### Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына, Нұр-Сұлтан қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2021 жылғы 10 қарашадағы № 133 бұйрығы мен кезектен тыс 2021 жылғы 12 қарашадағы педагогикалық кеңестің шешімін негізге ала отырып **« БҰЙЫРАМЫН»:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК 12.11.2021- 06.01.2022 ж.ж. аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін;
2. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырылып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:  
Дюсенова Жанар Сейткалиевна - балабақша меңгерушісі, комиссия төрағасы;  
Ескеева Жулдыз Бурабаевна – әдіскер, комиссия мүшесі;  
Жанакулова Жибек Жамантаевна - жоғары санатты тәрбиеші, комиссия мүшесі ;  
Сатпаева Марал Адилбековна- бірінші санатты тәрбиеші, комиссия мүшесі;  
Мұхамбетәлі Ұлбике Ерболқызы- педагог-психолог, комиссия мүшесі;
3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс- шара жоспары бекітілсін;(1 қосымша)

4. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін;
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Менгеруші:**



**Ж.С.Дюсенова**

Бекітемін» \_\_\_\_\_  
**№80 «Ботақан» балабақшасының**  
**меңгерушісі Ж.Дюсенова**  
 «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ **2021жыл**

**№80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК 2021-2022оқу жылындағы  
өзін-өзі бағалаудың іс-шаралар жоспары**

| <b>№</b>                      | <b>Іс-шаралар</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <b>мерзімі</b> | <b>жауаптылар</b>         |
|-------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|---------------------------|
| <b>I кезең – дайындық</b>     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                |                           |
|                               | Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі кезектен тыс педагогикалық кеңес.<br>Мақсаты:<br>- өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссияның құрамын анықтау;<br>- өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нормативтік-нұсқаулық құжаттармен танысу;<br>- өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерінің лауазымдық міндеттерімен танысуы. | 12.11.2021ж.   | Меңгеруші<br>Ж.С.Дюсенова |
| <b>II кезең – ұйымдастыру</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                |                           |
|                               | Өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссия отырысы.<br>Мақсаты: алдағы жұмыс бағытын анықтап, талқылау.                                                                                                                                                                                                                                                                  | 15.11.2021ж.   | Комиссия мүшелері         |
|                               | МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуын бақылау.<br>Мақсаты:<br>- тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер туралы ақпарат алу;          | 16.11.2021ж.   | Комиссия мүшелері         |
|                               | - Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның құрылуын бақылау.                                                                                                                                                             | 22.11.2021ж.   | Комиссия мүшелері         |
|                               | Тәрбиеленушілердің ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, өлшемшарттың 6 - қосымшасына сәйкес сауалнама жүргізу.                                                                                                                                                                                                                                                            | 27.12.2021ж.   | Комиссия мүшелері         |

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                 |                                            |
|------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|--------------------------------------------|
|                              | Мақсаты: ҚР МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.                                                                                                                        | 14.01.2022ж.                                    |                                            |
|                              | Тәрбиеленушілердің дамуына жүргізілген мониторинг қорытындылары.<br>Мақсаты: МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеруін анықтау. | 29.11.2021ж.                                    | Комиссия мүшелері                          |
|                              | - Тәрбиеленушілердің зияткерлік, спорттық, көркемдік, шығармашылық және конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері бойынша материалдарымен танысу.                                                                                                                                               | 06.12.2021ж.                                    | Комиссия мүшелері                          |
|                              | Балабақшадағы эксперимент алаңы жұмысының қорытынды нәтижесімен танысу.<br>2018-2021 ж.ж.<br>«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік-танымдық белсенділіктерінің тәжірибелік-зерттеу қызметі арқылы дамуы»                                                                                    | 13.12.2021ж.<br>3 жылдық жұмыс нәтижесі бойынша | Комиссия мүшелері;<br>Әдіскер<br>Ж.Ескеева |
| <b>III кезең – қорытынды</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                 |                                            |
|                              | Өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссиясының қорытынды мәжілісі.<br>Мақсаты: өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссиясының шешімдерін дайындау.                                                                                                                                         | 20.12.2021ж.                                    | Комиссия мүшелері                          |
|                              | Өзін-өзі бағалау қорытындысын кезектен тыс №2 педагогикалық кеңесте қарастыру.                                                                                                                                                                                                                     | 12.01.2022ж.                                    | Комиссия мүшелері                          |
|                              | Меңгерушінің қамқоршы кеңес алдында сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша есеп беруі.<br>Мақсаты:<br>-өзін-өзі бағалау қорытынды бағасымен таныстыру;                                                                                                                                        | 13.01.2022ж.                                    | Меңгеруші<br>Ж.С.Дюсенова                  |
|                              | Материалдарды дайындап, Нұр - Сұлтан қаласының Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бағалау бөліміне ұсыну.                                                                                                                                                            | 17 қаңтар<br>2022 жыл                           | Меңгеруші<br>Ж.С.Дюсенова                  |

**БЕКІТЕМІН \_\_\_\_\_**

**№80 «Ботақан» балабақшасы**

**МКҚК меңгерушісі: Дюсенова Ж.С.**

**« » \_\_\_\_\_ 2021ж.**

## **№80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК білім беру**

### **ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың алға қойған міндеттерінің бірі:

Әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

– Балалар денсаулығын қорғау және нығайту, бала ағзасын шынықтыру, тәрбиелеу, білімге жетелеу зор мейірім мен сезімталдықты, бапкерлікті қажет етеді. Осы міндеттерді ұғынып, талмай ізденіс үстінде шығармашылықпен еңбек ететін майталман педагогтар балаларға тәлім – тәрбие берумен қатар, олардың тілін дамытып, ақыл - ой өрісіп жетілдіруге жағдай жасайды. Балабақша педагогтары:

- Жаңа заман сұранысына сәйкес әдіс - тәсілдерді түрлендіре отырып, оқу – тәрбие үрдісін жүргізеді;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай физио - психологиялық, ерекшеліктерін жан – жақты жақсы меңгерген;
- Педагогикалық жаңа әдіс - тәсілдерді меңгеріп жаңаша жұмыс істейді;
- Кәсіби құзіреттілігі жоғары шебер, адамгершілік қасиеттері басым мамандар.

Мектепке дейінгі мекемеде тәрбие мен оқытудың мазмұны - Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарымен, ҚР Білім және ғылым министрінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес анықталады.

**№80 «Ботақан» балабақшаның тәрбиелік – білімдік үрдісі** - дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру принциптері мына төмендегі мақсаттарға бағытталған.

- Баланың жеке тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ету;
- Балалардың тәні және рухани салауаттылығын қорғау және нығайту;
- Бала дамуына жайлы жағдай жасау, дамытушылық ортаны жабдықтау;
- Әрбір баланың көңіл – күйінің жәйлі болуына қамқорлық жасау;
- Балаларға білім беру мазмұнын жаңарту және тәжірибеге енгізу;



- Білім беруде бағдарлама мазмұнының тақырыппен сабақтастығының сақталуын қамтамасыз ету;
- Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін баланың отбасымен бірлесіп жұмыс істеу;
- Балабақша ұйымын арнайы мамандарымен қатамасыз ету.
- Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

### **Осыған сәйкес келесі міндеттер анықталады:**

- оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
- тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;
- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру;
- мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасау;
- балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша, кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтермен қамтамасыздандыру;

### **Негізгі тиісті принциптер:**

- Балалардың денсаулығын нығайту және қорғау;
- Балалардың жеке жас ерекшеліктерін ескеру;
- Оқыту және тәрбиелеу үрдісін жүйелі және кешенді түрде жетілдіру;
- Бағдарлама материалдарының жүйелі бірізділігін қарастыру;
- Дамыта оқыту принципі;
- Халық педагогикасы және психологиясы негізінде оқыту және тәрбиелеу мазмұнын жаңарту.

- **Педагог тұлғасының моделі:**

- Оқыту технологиясын меңгерген, өз ісінің маманы;
- Қазіргі заманның білім педагогикасының жаңа мазмұнын білетін;
- Бала білімінің қазіргі тәсілдерін білетін;
- Балалардың жеке басының және психологиялық ерекшеліктерін диагностика негізінде дәстүрден тыс оқыту және тәрбиелеу әдіс – тәсілдерін білетін, баланың көңіл – күйін, жағдайын сезіне білетін;
- Балалардың пікірлерін ескеріп, кері байланыс орната білетін;
- Ғылыми – педагогиканы және әдістеме негіздерін меңгерген;
- Зерттеу қызметімен тұрақты айналыса білетін;
- Балалар білімін жас ерекшеліктеріне сай диагностикалық бағалауға қабілетті, дамытушы білімді ұйымдастырудың әдістері мен жолдарын меңгерген;
- Әр баланың келешегін сезетін сезімтал;
- Әр баланың толыққанды дамуына жағдай жасай білетін;
- Топта демократиялық ұжым құруға талпыныс жасай білетін;
- Ата – аналармен тығыз қарым – қатынаста болып, өзінің бала өміріне қатынастығы барын сезіне білетін, бір – біріне қамқорлық көмек жасап, ризашылық білдіретін, бала құқығын сыйлайтын, топтың сезімі мен қызығушылығын ұғына білетін.

**Тәрбиелеу процесіне қатысушы ата-ананың тұлғалық моделі:**

- Білім беру процесінің қатысушылары бола білетін;
- Баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін;
- Өз ықтиярымен топ ісіне мамандармен бірге қатынаса білетін;
- Оқыту процесін терең түсінуге қосымша білім алатын;
- Балабақшада өткізілетін іс – шараларға қатынасатын;
- Топтың негізгі бағытын біліп, оқыту және тәрбиелеу барысына қатынасып, шешімдер қабылдай білетін;
- Педагогпен және басқа ата-аналармен ынтымақтас, серіктес бола білетін, балабақша және үй тәрбиесіне араласып, тәрбиелеу барысына сай әдіс – тәсіл қолданатын;
- Өз баласының оптимистік келешегін сезінетін;
- Өз баласына психологиялық қамқорлық көрсетіп, өз баласының шамалы жетістігіне қуана білетін, өзінің және баланың күшіне сене білетін;

**Балабақшаның оқу-тәрбие процесі** - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарламаның мақсаты - мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға

негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру болып табылады. Бағдарламаның міндеттері - баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі ұйым, мектеп пен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

**Балабақшаның тәрбие мен оқыту мазмұны** - балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім берудің бес саласына негізделіп жүргізіледі: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет». Білім беру процесі перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспар өтпелі тақырыптарға сәйкес бір оқу жылына құрылады. Өтпелі тақырыптар таңдауда өңірлік ерекшеліктерге, балалардың жастарына, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытына, халықаралық және республикалық маңызы бар мереке күндеріне бағдар жасай отырып құрылады және бірінші педагогикалық кеңесте бекітіледі. Педагогтер ұйымдастырылған оқу қызметі мен күн тәртібі сәттерінің білім беру міндеттерін анықтауда тәсілдерді өзгертіп отырады, балаларды өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасап, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік береді. Балаларды тәрбиелеу орны - ойын бөлмесі, жатын бөлме, дене шынықтыру мен музыка залы, психологтың, дәрігерлердің кабинеті, балалар жиһазы т.б.. Заттық кеңістік ортасының жайлылығы әрбір баланың оқу оқуына, дем алуына, оның эмоционалды көңіл – күйін, денсаулығын нығайтуға, шығармашылығын, сөйлеу тілін, әртүрлі іс-әрекетін, балалардың бір – біріне деген достық қарым - қатынастарын қалыптастыруға әсерін тигізеді. Балабақшадағы пәндік - дамытушылық орта - бес білім беру саласына сәйкес 5 аймаққа бөлініп ұйымдастырылған. Топтық бөлмені балалардың жекелей ойнауына мүмкіндіктері болатындай ұйымдастыру, баланың ой - өрісін оятып, шығармашылдыққа итермелеп, ой – қиялын дамытады. Әр топ бөлмесіндегі бес аймақ - балалардың еркін қарым – қатынасына жағдай туғызады, іс-әрекет барысында балалар өздерінің мәселелерін шешеді, шешім қабылдайды, өз ойын айту еркіндігін алады, бір – бірімен білімдерімен, ойларымен бөліседі, сол білімдерін тәжірибе барысында іске асырады. Мұндай бірігіп ұйымдастырылған іс - әрекет балаға өз көмегін береді. Бес аймақ оқу-тәрбие бағдарламасының және балабақшаның мақсат міндеттерінің өзгерістеріне сай толықтырылып отырады.

## II бөлім ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

### "№80 "Ботақан" балабақшасы МКҚК

2017 – 2018, 2018 – 2019, 2019 – 2020, 2020-2021, 2021-2022

оқу жылдарының оқу-тәрбие қызметінің талдауы

#### Балабақшаның мақсаты

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында болашақта мектепте табысты оқуға дайын, әрбір тәрбиеленушінің жеке білім беру мүмкіндіктерін ескере отырып, оның жеке тұлғасын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

#### Міндеттері:

Жобалау-зерттеу қызметі бойынша балабақша педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру

Мектепке дейінгі білім берудің дамытушы білім беру ортасын жаңарту арқылы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен білім берудің жаңа технологияларын игеру және енгізу

Материалдық-техникалық базаны нығайту

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл жүйесін құру үшін жағдай жасау;

Жаңартылған мазмұн жағдайында балалардың оқуға дайындығын қалыптастыруда ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

#### Күтілетін нәтиже:

Тәрбие беру процесіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы мектепке дейінгі білімге қолжетімдікті қамтамасыз ету;

Тәрбиеленушілердің интеллектуалды дамуының жоғары деңгейі;

Қазіргі заман талабына сай даму ортасының құрылуы.

## БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

### Балабақшаның оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда басшылыққа алатын құжаттар

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (2020 жылғы 5

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012  
жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (2020 жылғы 12


«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615


«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрықпен

✓ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы.


## Вариативтік компонент




**«Зерттеуші бүлдіршіндер»** («Зерттеуші бүлдіршіндер» авторлық бағдарламасы бойынша енгізілді, авторлары Ж.С.Дюсенова, Ж.Б.Ескеева, Ж.К.Конакбаева, №80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ПҚБАИ сараптау кеңесінің шешімі бойынша хаттама № 4/1 07.11.2019жыл, ISBN 978-601-7859-78-7; 27.08.2021 жылғы №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).




**«В.Воскобовичтің дамытушы ойындары»** («В.Воскобовичтің дамытушы ойындары» авторлық бағдарламасы бойынша енгізілді, авторлары Ш.Т.Хамитова, Б.Кадирберлина, А.М.Қайрат №54 «Нұр-ай» балабақшасы МКҚК, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ПҚБАИ сараптау кеңесінің шешімі бойынша хаттама № 2 03.04.2020жыл).




**«Жас зерттеуші»** (Жас зерттеуші әдістемелік құрал, авторы: Г.Н.Исабекова, Астана қаласы, №23 «Алтын бесік» балабақшасы, ББЖ КБА және ҚДИ ғылыми кеңесі ұсынады №30 хаттама 03.04.2012ж.)




**«Біздің ертегі»** («Балабақшада ертегі қойылымдарын пайдалану» әдістемелік көмекші құралы бойынша енгізілді, авторы Жасимбекова Б.К., ҚРПБ «Қарлығаш» балабақшасы» РМК, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ПҚБАИ сараптау кеңесінің шешімі бойынша хаттама №4/1 07.11.2019жыл, 27.08.2021 жылғы №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).



**«Бүлдіршіндермен қызықты әңгімелер»** («Бүлдіршіндермен қызықты әңгімелер» әдістемелік құралы, авторы Г.В.Гринцевич, аудар. Муканова Ж.Т. Көкшетау: Келешек – 2030, 2011ж.);



**«Құрастыру және қол еңбегі»** («Құрастыру және қол еңбегі» әдістемелік құралы, авторлары Ф.Н.Жұмабекова, А.А.Ойшыбаева. Алматы: «Алматы кітап, 2015ж.);



**«Қағазбен жұмыс жасау»** («Қағазбен жұмыс жасау» әдістемелік құралы, авторлары: Ф.Н.Жұмабекова, Ә.Темірболат, Астана: ЖК


Балабақшаның оқу мен тәрбие беру қызметі 2017 – 2018, 2018 – 2019, 2019, 2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары аралығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жоспарланып келеді.

№ 80 «Ботақан» балабақшасында 6 топ жұмыс істейді. Балабақша тәрбиеленушілері мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады. Оның ішінде: ортаңғы топ - 2; ересек топ - 2; мектепалды даярлық топ – 2. Жарты күндік шағын орталықта 6 топ; оның ішінде: ересек топ - 3; мектепалды даярлық топ – 3.

| № | Топ атауы  | Жас ерекшелігі     | Жас шамасы      |
|---|------------|--------------------|-----------------|
| 1 | «Балапан»  | ортаңғы            | 3 жастан бастап |
| 2 | «Көжек»    | ортаңғы            | 3 жастан бастап |
| 3 | «Қошақан»  | ересек             | 4 жастан бастап |
| 4 | «Қонжық»   | ересек             | 4 жастан бастап |
| 5 | «Ақбота»   | мектепалды даярлық | 5 жастан бастап |
| 6 | «Құлыншақ» | мектепалды даярлық | 5 жастан бастап |

| № | Топ атауы | Жас ерекшелігі     | Жас шамасы      |
|---|-----------|--------------------|-----------------|
| 1 | «Дарын»   | мектепалды даярлық | 5 жастан бастап |
| 2 | «Болашақ» | мектепалды даярлық | 5 жастан бастап |
| 3 | «Зерек»   | мектепалды даярлық | 5 жастан бастап |
| 4 | «Шабыт»   | ересек             | 4 жастан бастап |
| 5 | «Мирас»   | ересек             | 4 жастан бастап |
| 6 | «Зият»    | ересек             | 4 жастан бастап |

### Тәрбиеленушілер контингенті (балабақша)



### Тәрбиеленушілер контингенті (шағын орталық)



Балабақшаның және жарты күндік шағын орталықтың ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі үлгілік оқу жоспарына негізінде құрастырылады. Оқу-тәрбие жұмысы тәрбиеленушілердің зияткерлік-танымдық белсенділігін және танымдық ынтасын, қызығушылығын дамыту арқылы айналадағы адамдар, қоршаған әлем және олардың қасиеттері туралы өзіндік көзқарас пен шығармашылық-эстетикалық ойлауын қалыптастыруға жағдай жасауға негізделіп құрылған. Білім беру процесі жүйелі-әрекеттік тәсілде құрылды - қозғалыс, ойын, коммуникативтік, танымдық-зерттеу, тәжірибелік-зерттеушілік, музыкалық, сөйлеу, бейнелеу, көркем әдебиет пен әртүрлі материалдардан құрастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету және қарапайым еңбек. **Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысы міндеттері** - балалардың



қоршаған ортаға деген қызығушылығын, білімпаздыққа құмарлығын қолдап, әрекеттердің түрлі бастамаларында танымдық қызығушылығы мен танымдық дербестігін қалыптастыруда оңтайлы жағдай жасау;

- баланың зияткерлік-танымдық белсенділігін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу дағдыларын, ойлау үдерістерінің белсенділігін тәжірибелік-зерттеу қызметі арқылы дамыту жұмысын жалғасытру;

-зияткерлік және жеке дамуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыра отырып, баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіру процесінің табысты өтуі үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- тәжірибелік-зерттеу қызметі арқылы мектепке дейінгі балалардың танымдық белсенділіктерін дамыту мақсатында жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдануға бағытталған педагогикалық кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі жұмысты жетілдіру.

Осы жоғарыда қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және балабақшаның тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында вариативтік компоненті балалардың қызығушылықтары, ата-аналардың тілектері мен балабақшаның эксперименталды қызметінің бағытына сәйкес таңдалды. Ал 2021-2022 оқу жылынан бастап өткен оқу жылының қорытынды нәтижесінің және педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде балалардың көркем-эстетикалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында театр үйірмесі енгізілуде.

Балабақшада 2018-2021 оқу жылдар аралығында эксперименттік алаң жұмысы жүргізілді. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік белсенділігінің тәжірибелік-зерттеу қызметі арқылы дамуы» атты эксперименттік алаңның жұмысы негізінде «Зерттеуші бүлдіршін» бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына тәрбие мен білім беру процесінде қолдануға арналып, 4-6 жастағы балалардың танымдық-зерттеу қызметін дамытуға, әр баланың әлеуметті-тұлғалық дамуын, модельдеуші, қайта құрушы әрекеттерге бейімдеуін, ойлауын, тәжірибелік-зерттеушілік қызметінің аясын кеңейтуге бағытталған. Аталған бағдарламада ортаңғы, ересектер және мектепалды даярлық топтары үшін тақырыптық жоспарлар ұсынылған.

Сонымен қатар балабақша тәрбиешісі Ж.Жамантевнаның «Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын жобалау әдісі арқылы қалыптастыру» атты көмекші құралы әзірленді. Көмекші құралда мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын жобалау әдісі арқылы қалыптастыру жолдары қарастырылған. Көмекші құралда ортаңғы, ересектер және мектепалды даярлық топтарына арналған перспективтік жоспарлар ұсынылған. Көмекші құрал мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына тәрбие мен білім беру процесінде қолдануға арналған.

2019-2020 оқу жылында № 80 «Ботақан» балабақшасы зияткерлік-танымдық білім беру бағытындағы кластердің жетекші балабақшасы болып табылды. Кластерлік жұмыстың жоспары үш жақты келісіммен бекітіліп атқарылды. Олар Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығы,

Астана Гуманитарлық колледжі. Кластер жұмысына қаланың 7 балабақшасы қатысты. 2019-2020 оқу жылында жоспарға сәйкес №80 «Ботақан» балабақшаның жетекшілігімен қалалық және республикалық деңгейде конференциялар мен семинар-практикумдар ұйымдастырылып өткізілді.

Атап өткенде, қалалық семинар: педагогикалық тренинг: Балабақша мен мектеп жұмысындағы сабақтастық мазмұны: «Балалардың кезең-кезеңімен бірізділікпен зияткерлік дамуы». 07.11.2019жыл;

- қалалық семинар «Мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды қабілетін дамытуда зерттеу әдісін қолдану», 19.02.2020жыл;

- қалалық семинар-практикум: «Интеллектуальное развитие дошкольников через организованную учебную деятельность» 20.02.2020жыл;

- қалалық семинар «Интеллектуалдық ойындар – танымдық қызметті ынталандыру құралы». 30.01.2020жыл.

16.01.2020 жылы «Табыстылық кластері» аясында «Зияткерлік даму» бағыты бойынша «Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып балаларының зияткерлік дамуы» тақырыбында республикалық семинар-практикум өткізілді. Семинар ақпараттық құралдарымен яғни «Хабар» агентігінің, «Білім айнасы» газеті журналистерінің сұхбатымен сүймелденді.

Балалардың зияткерлік-танымдық дамуы бағытында педагогтардың назары балалардың жан-жақты қоршаған өмірді меңгеруіне бағытталған іс-шараларды өткізу сапасын жақсартуға аударылды (ашық есік күндері, шағын зертханадағы жұмыстар, экскурсиялар, әңгімелесу, бақылау, эксперименттер және т. б.)

**Балабақшада оқыту тәрбиелеу процесінде инновациялық технологияларды** қолданудың мақсаты – ҚР Үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Атап айтқанда, балабақшада қолданылып отырған заманауи білім беру технологиялары: "ӨТШТ", З.Дьенеш, Д.Кюизенер интеллектуалдық ойындары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жеке тұлғаға бағытталған, ойын, жобалау т.б..

Мектепке дейінгі ұйымдағы зерттеу қызметінің технологиясын игеру жағдайы жоғары деңгейде. Атап айтқанда педагогтар «Наурандия еліндегі Наураша» сандық зертханасының 4 модулін «Жаратылыстану» және «Әлеумет» білім беру салаларында кеңінен қолдануда. Сонымен қатар педагогтер өз тәжірибесінде Флипчарт мультимедиялық электронды көрнекілігін қолдануда. Флипчарт материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс саласы. Жұмыс барысында флипчарт қолдану «Қатынас» пен «Шығармашылық» салалары бойынша білім беру қызметін ұйымдастыруда тиімді екенін анықталды.

Балабақшадағы қолданылып жүрген инновациялық технологиялардың бірі ӨТШТ(өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы). ӨТШТ технологиясы балаға шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамытып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. ӨТШТ технологиясын қолданудың негізгі мақсаты: өз

бетінше дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу, баланы дәстүрден тыс ойлауға үйрету, ойлаудың қиял-өрісін жетілдіру, зияткерлік шығармашылық белсенділігін дамыту болып табылады.

Бұл аталған технологияны балабақшадағы ортаңғы топтарда жиі қолданылып оң нәтижесін беріп келеді. Педагогтер өз тәжірибесінде мынадай әдістерді: «Күшті», «Каталог әдісі», «Қарама-қайшылықты шешу әдісі», «Салыстыру әдісі», «Сиқырлы объектілер әдісі», «Луллия шеңбері» т.б. қолдана отырып отырып балаларды ұжымдық әрекетке, яғни қарым-қатынас жасай білуге үйретіп, дағдыландырды. Осы аталған әдістерді пайдаланудың тиімділігі «Таным», «Жаратылыстану», «Әлеумет» білім беру салаларын қамтып өз нәтижесін беруде.

Сонымен қатар З.Дьенеш, Д.Кюизенер интеллектуалдық ойындары мектеп жасына дейінгі білім беру әдістемесінде балалардың зияткерлік-танымдық белсенділігін дамытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері бірі болып табылады. З.Дьенеш блоктарын күннің екінші жартысында логикалық блоктарды ойын материалы ретінде қолдану балалардың білімге деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыра түскені байқалды («Құмырсқаларға көмектес» ойыны, «Ойлап тап», «Жұбын тап», «Үйлерге адамдарды орналастыр», «Фигураны ойлап тап» және т.б.. Сондай ақ «Шығармашылық» пен «Таным» салаларында пайдалануда балалардың ойлау қабілеттерінің дамығаны байқалады: ақпаратты салыстыру, сараптау, жалпылау, талдау, жіктеу операциялары балаларға қиындық туғызбады. Қабылдау, есте сақтау, назарға алу, елестетудің танымдық үрдістері, шығармашылық қабілеттері дамыды. Тәрбиеленушілердің өз бетінше әрекеттегі белсенділік деңгейі жоғарылады. Топ балалары заттарды өз қасиеттеріне қарай жіктей алады, заттарды өлшемі бойынша салыстыра алады, логикалық байланыстарды жақсы құра алады.

Балабақша жұмысындағы жобалау зерттеу әрекеті бала жаратылысына және тәрбие мен оқытудың заманауи талаптарына неғұрлым толығырақ сәйкес келетін зерттеу проблемалық, шығармашылық әдістер жиынтығын қамтитын инновациялық әрекет. Жобалау әдісі балабақша жанындағы шағын орталықтың мектепалды даярлық топтарымен кеңінен жүргізілуде. «Дарын» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Ж.Жанакулова жобалау әдісін қолдана отырып балалардың білім-біліктерін арттыруда. Әсіресе ата-аналармен біріге отырып жасаған жобалар ата-аналармен жұмыста оң нәтижесін беруде. Жобалардың жүргізілу барысында балалардың өз ойларын толық жеткізе білетінін, мәселені ортаға сала білуі, педагогпен қарым-қатынасқа еркін түсуі, өз бетінше шешім шығара алу қабілеттерінің жоғары деңгейде екені анық көрініс тапты. Яғни балалардың танымдық белсенділігінің даму көрсеткіші айтарлықтай дамыған деп тұжырым жасауға болады.

Келешекте педагогтермен Флипчарт мультимедиялық көрнекілігін меңгеру және пайдалану қарқынын жеделдету алға қойылып отыр.

2018 жылдан бастап педагогтер мен ата-аналардың қызығушылығына байланысты, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының

талаптарынан тыс қосымша білім беру қызметтері жүргізіле басталды. Оның ішінде:

- «Шет тілдерін оқыту курсы»;
- «Хореография»;
- «Зерттеуші бүлдіршін»;
- «Құммен сурет салу»;
- «Smart table және логика»;

«Зерттеуші бүлдіршін» шағын зертхананың жұмысы үш жыл жалғасып келеді. Зертханада балалар дербес зерттеу қызметімен айналысады. Аталған зертханада балалар педагогтармен бірлесе отырып өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап табады. Барлық құрал-жабдықтар тәжірибе жасауға қауіпсіз. Балалар қолданатын заттар: әртүрлі қасиеттері бар заттар, ағаш, металл, қағаз, мата, сусымалы заттар, су құйғыш, су, құм, стакандар, магниттер, жіптер және т. б.. Зертхананың даму үрдісінде педагогтар шетелдік Реджио – Эмилия педагогикасының бірегей әдістерінің кейбір элементтерін қолданысқа алынды. Сонымен қатар зертханалық жұмыста «Наурандия еліндегі Наураша» атты мектеп жасына дейінгі балаларға арналған цифрлық лабораториясы іске қосылған. «Наурандия еліндегі Наураша» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған цифрлық лабораториясы қызықты, ең бастысы – балалар үшін қолжетімді зертхана. Басты кейіпкер ойын түрінде балалармен бірге температураны өлшеуге, жарық пен дыбыстың табиғатын түсінуге, магнит өрісінің ғажайыптарымен танысуға, күш сынасуға, пульс туралы білуге талпындырып, қышқылдықтың жұмбақ әлеміне көз тастайды.

### **«Зерттеуші бүлдіршін»**

#### ***шағын зертханасы***





Құммен сурет салу барысында балалардың ұсақ-қол моторикасы, қиялы, көркем-шығармашылық қабілеттері дамып, тиянақтылыққа тәрбиеленеді, зейінін шоғырланады.

«Smart table және логика» қосымша білім беру қызметінде дидактикалық құрал ретінде Interactive Table Group интербелсенді үстелі қолданылады. Үстел сенсорлық экраны бар интерактивті оқыту орталығы болып табылады және ол саусақтың немесе басқа заттардың тию көмегімен басқарылады. Сонымен қатар балаларды оқу үдерісіне қызықтыруға мүмкіндік беретін көпфункционалды сенсорлық үстел. Үстел мектеп жасына дейінгі балаларға арналған, интербелсенді міндеттерді бірлесіп орындауға және дамытушы ойындарға, соның ішінде жобалау-зерттеу жұмыстарына қатысуға мүмкіндік береді. Smart үстелді пайдалану арқылы оқытудың даралануы артады - бала тапсырмаларды өзіне ыңғайлы қарқынмен орындай алады, компьютер шыдамды және баланың өзі дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар балабақшада хореография үйірмесі жүргізіледі, онда педагог жұмысының нәтижесі - балабақша тәрбиеленушілері қалалық, халықаралық байқаулардың жүлдегерлері болып табылады.

«Шет тілдерін оқыту курсы» қосымша білім беру қызметінде ойын түрлері арқылы тәрбиеленушілердің ағылшын тілін үйренуге деген ықыласын арттырып, ағылшын тілінде сөйлеуге үйретеді. Ойын арқылы нақты қарым-қатынас жағдайында қарапайым деңгейде серіктеспен байланыс орнатуды үйренеді, фонетикалық есту қабілетін дамиды, ағылшын тілінде сөйлеу мазмұнын түсінуге үйреніп, зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттері дами түседі. Сонымен қатар сөйлеу және тыңдату: ауызша сөйлеу дағдысының негізі қалыптасады.

**Балабақшаның заттық-кеңістік дамытушы ортасы** – қойылатын талаптарға сай жабдықталған: қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі және тартымды. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану болып табылады. Балабақшаның заттық-кеңістіктік ортасы қазіргі заман талабына

сай жаңа үлгідегі жиһаздар жинақталған: магнитті тақта, оқу құралдарына, өсімдіктерге, ойыншықтарға арналған жиһаздар, үстелдер, орындықтар, кереуеттер т.б.. Сонымен қатар оқу мен тәрбие процессін тиімді қолжетімді ұйымдастыру үшін балалар мен педагогтерге арналған оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етілген. Педагогтер оқыту техникалық құралдарын жоғары деңгейде меңгерген, балалармен жұмыста еркін қолдана біледі.

Балабақшада жас ерекшеліктеріне сай 6 - топ бөлмесі, 1- дене-шынықтыру залы, 1- музыка залы, мамандардың кабинеттері бар. Топ бөлмелері оқыту мен тәрбиелеу аймақтарына бөлініп ұйымдастырылған. Атап айтқанда, барлық топтарда балалардың сөйлеу тілін, көркемдік-эстетикалық және шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында ұйымдастырылған «Сиқырлы театр» аймағы түрлі қуыршақтармен, театрландырған ойынға арналған жинақтармен жабдықталған. Баланың танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған «Зерттеу бұрышы» табиғи материалдармен, баланың жас ерекшелігіне сәйкес зерттеу құралдарымен, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтармен жабдықталған. Сонымен қатар күннің екінші жартысында балалардың еркін ойындары мен сюжетті-рөлді ойындарына арналған «Шаштараз», «Ас үй», «Отбасы», «Кезекшілік бұрышы», «Жолда жүру бұрышы», «Дүкен» т.б. аймақтар дамытушы ойыншықтар жинағымен, көлемді ойыншықтармен, құрастыруға арналған ойыншықтармен жабдықталып, әр оқу жылы ішінде толықтырылып отырады. Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын орындау мақсатында білім беру салаларына сәйкес 5 аймаққа бөлініп безендіріліп құрылған. Аймақтар бейнелеу өнері бойынша сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен ұйымдастырылған. «Таным», «Қатынас» «Әлеумет» аймақтарында сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалармен жабдықталған.

Сонымен қатар балалардың дене жағынан дамуы мен денсаулығын нығайту үшін дене шынықтыру залы, қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған, серуенге арналған топтардың ойын алаңдары толық. Балабақша аумағы қоршалған, әр топтарға арналған беседкалар, ойын алаңдары құрал-жабдықтармен жабдықталған, гүлзар, шағын бау-бақшалар, ағаштар мен өсімдіктер өсіріледі.

Балабақшадағы барлық ойыншықтар мен құрал-жабдықтары санитарлық, эстетикалық талаптарға сай келеді.



## **Балабақшадағы 2018-2021 оқу жылдар аралығындағы жүргізілген эксперимент алаңы жұмысының қорытындысы**

№80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК Білім басқармасының 2018 жылғы №511 бұйрығының негізінде «Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік-танымдық белсенділіктерінің тәжірибелік-зерттеу қызметі арқылы дамуы» тақырыбында эксперименталдық алаң жұмысы құрылып ашылды. Балабақшадағы тәжірибелік жұмыс бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында басқару жүйесінде құрылымдық өзгерістер жүргізілді: шығармашылық топ құрылды, оның құрамына жоба жетекшісі (балабақша меңгерушісі Ж.С. Дюсенова), инновация әдіскері, бақылау және эксперименттік топтардың тәрбиешілері кірді. Эксперименттік жұмыстың тұжырымдамасы мен бағдарламасы жасалды, зерттеу мақсаты анықталып, күтілетін нәтижелер болжамы мен жұмыс жоспары құрылды, экспериментке қатысушылардың құрамы анықталды. Талдау арқылы бағдарламаның проблемалық тармақтарын түзету жүргізілді. Жұмыс жүйесіне инновацияларды енгізуді бастау үшін балабақша педагогтары алдымен эксперимент тақырыбы бойынша педагогикалық әдебиеттерді, тәжірибелік қызметті ұйымдастыруға арналған бағдарламаларды талдап, зерттеді. Талдау жүргізу нәтижесінде, шығармашылық топтың құрамын анықтай отырып, біз эксперименттік жұмыстың тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасадық, зерттеу мақсатын анықтадық, күтілетін нәтижелерді болжадық, үш жылға перспективалық жұмыс жоспарын жасадық, экспериментке қатысушылардың құрамын анықтадық.


Бірінші кезеңде экспериментке қатысушылардың құрамын, эксперименттік жұмыс мәселелерін шешу бойынша шығармашылық топты құрып, олардың қызмет бағыттарын үйлестіру жұмыстары жүргізілді. Оқу мен тәрбиелеу процесіне қатысушылардың қызметін реттейтін заңнамалық базаны қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді, эксперименттік іс-шаралар жоспары нақтыланып, келісілді (кезеңдер бойынша).

Сондай-ақ балабақша педагогтарының жинақтаған материалдарын жүйелендірдік. Педагогтардан құрылған шығармашылық топ (Дюсенова Ж.С., №80 "Ботақан" балабақшасының меңгерушісі, Ескеева Ж. Б., әдіскер, Қонақбаева Ж. К., тәрбиеші) эксперименттік жұмыстың бірінші жылының нәтижелері бойынша "Зерттеуші бүлдіршін" авторлық бағдарламасын шығарды. **"Зерттеуші бүлдіршін" авторлық бағдарламасын** «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының сараптамалық кеңесі жұмысты Республикалық деңгейде пайдалануға ұсынды. № 4/1 Хаттама 07 қараша 2019 жыл. ISBN 978-601-7859-78-7, УДК 373.2, ББК 74.100 Д97 «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ».

Эксперименттік жұмыстың екінші жылының нәтижелері бойынша балабақша тәрбиешісі Ж.Жанакулованың **«Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын жобалау әдісі арқылы қалыптастыру» атты көмекші құралы** Республикалық деңгейде мектепке дейінгі

ұйымдардың педагогтарына қолдануға ұсынылды, № 2 Хаттама 03 сәуір 2020 жыл «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты.


Сонымен қатар қалалық оқу-әдістемелік сараптамалық кеңеске ұсыну үшін тәжірибелер мен эксперименттердің картотекасы әзірленіп (Ескеева Ж.Б. әдіскер, Қонақбаева Ж.К., тәрбиеші, Өлібекова Т.Қ. тәрбиеші), жұмыс дәптерлері жасалды, және де әдістемелік ұсынымдар үшін материалдар жинақталды.





Бала белсенділігін дамытуда, дербес зерттеу қызметіне ынталандыруда, өзін-өзі дамыту барысын жетілдіру үшін жақсы жабдықталған, заттық-кеңістік ортаның маңызы зор. Сол себепті эксперименталды алаң жұмысының материалдық-техникалық базасын нығайтып құру барысына көп көңіл бөлінді. Қазіргі уақытта біздің балабақшада тәжірибе жасау үшін арнайы жабдықтармен, түрлі материалдармен жабдықталған пәндік-дамытушылық орта құрылған.

### Материалдық техникалық базасының нығайуы



| 23 | М.А.Сатпаева     | Нұр-Сұлтан қаласы білім беру басқармасы, жол полиция басқармасы                                               | Брейн-ринг, қалалық балабақшалар арасында «Балалар жол көлік травматизмінің алдын алуға бағытталған «Жолда абайла, балақай!»» атты қалалық сайыс | 28.02. 2020ж | Алғыс хат           |
| 24 | А.С.Шамшиева     | Нұр-Сұлтан қаласы білім беру басқармасы, жол полиция басқармасы                                               | Брейн-ринг, қалалық балабақшалар арасында «Балалар жол көлік травматизмінің алдын алуға бағытталған «Жолда абайла, балақай!»» атты қалалық сайыс | 28.02. 2020ж | Алғыс хат           |
| 25 | Ж.Ж.Жанакулова   | Нұр-Сұлтан қаласы «Гуманитарлық колледжі» әлеуметтік серіктестері ХІІІ қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция | «Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда жобалау әдісінің маңыздылығы                                                                           | 23.01. 2020ж | Сертификат          |
| 26 | М.А.Сатпаева     | Нұр-Сұлтан қаласы «Гуманитарлық колледжі» әлеуметтік серіктестері ХІІ қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция  | «Мектеп жасына балалардың зияткерлік танымдық қабілеттерін дамытуда З.Дьенеш блоктарын қолдану»                                                  | 23.01. 2020ж | Сертификат          |
| 27 | А.Т.Молдахметова | Нұр-Сұлтан қаласы «Гуманитарлық колледжі» әлеуметтік серіктестері ХІІІ қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция | «Мектепке жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін тәжірибелік-зерттеу қызметі арқылы қалыптастыру»                                       | 23.01. 2020ж | Сертификат          |
| 28 | А.Б.Берикова     | Нұр-Сұлтан қаласы                                                                                             | «Балалардың                                                                                                                                      | 23.01.       | I дәрежелі          |

|    |                |                                                                                                                     |                                                                                       |              |                     |
|----|----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|--------------|---------------------|
|    |                | «Гуманитарлық колледжі» әлеуметтік серіктестері ХІІІ қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция                         | шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда ТРИЗ технологияның тиімділігі»               | 2020ж        | диплом              |
| 29 | Ж.К.Конакбаева | Білім беруді жаңғырты орталығы                                                                                      | «Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып балаларының зияткерлік дамуы»              | 2020ж        | Мадақтама           |
| 30 | Ж.К.Конакбаева | Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы                                                                                  | «Үздік педагог – 2020» қалалық байқауы                                                | 2020ж        | ІІ дәрежелі диплом  |
| 31 | М.А.Сатпаева   | «URKER MITEC» орталығы                                                                                              | «Абайды оқы, таңырқа» республикалық қашықтық олимпиадасы                              | 2020         | ІІ дәрежелі диплом  |
| 32 | Ж.Ж.Жанакулова | «URKER MITEC» орталығы                                                                                              | «Абайды оқы, таңырқа» республикалық қашықтық олимпиадасы                              | 2020         | ІІІ дәрежелі диплом |
| 33 | М.Н.Тугелбаева | «URKER MITEC» орталығы                                                                                              | «Абайды оқы, таңырқа» республикалық қашықтық олимпиадасы                              | 2020         | ІІІ дәрежелі диплом |
| 34 | Т.Қ.Әлібекова  | «URKER MITEC» орталығы                                                                                              | «Абайды оқы, таңырқа» республикалық қашықтық олимпиадасы                              | 2020         | ІІ дәрежелі диплом  |
| 35 | А.С.Шамшиева   | Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасы                                                                                  | «Жас маман» қалалық байқауы                                                           | 14.11. 2019ж | Диплом              |
| 36 | М.А.Сатпаева   | «Әдеби Қазақстан» электронды ақпарат, білім сайты                                                                   | «Абай дана, Абай – дара қазақта» республикалық байқауы                                | 10.11. 2020ж | Алғыс хат           |
| 37 | Э.Д.Жармабаева | «URKER MITEC» орталығы                                                                                              | Орыс тілі бойынша «Зейін» Республикалық олимпиадасы                                   | 20.01. 2021ж | ІІІ дәрежелі диплом |
| 38 | Ж.Б.Ескеева    | Нұр-Сұлтан қаласы «Гуманитарлық колледжі» әлеуметтік серіктестері ХІХ қалалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция | «Коучинг – педагогтың кәсіби шеберлігін арттырудың инновациялық технологиясы ретінде» | 19.02. 2021ж | Сертификат          |
| 39 | Ж.Ж.Жанакулова | «Жеті өнер» шығармашылық орталығы, Алматы қ.                                                                        | ІІ республикалық дарынды балалар байқауы                                              | 17.02. 2021ж | Диплом              |
| 40 | М.А.Сатпаева   | Нұр-Сұлтан қаласы «Гуманитарлық колледжі» әлеуметтік                                                                | «Салауатты өмір салтын қалыптастыруда денсаулық сақтау технологияларын                | 19.02. 2021ж | Сертификат          |



|    |                |                                                                                                                                          |                                                                                                                      |                 |            |
|----|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|------------|
|    |                | серіктестері<br>ХІХ қалалық<br>ғылыми-тәжірибелік<br>онлайн конференция                                                                  | қолдану»                                                                                                             |                 |            |
| 41 | Ж.Ж.Жанакулова | Нұр-Сұлтан қаласы<br>«Гуманитарлық<br>колледжі»<br>әлеуметтік<br>серіктестері<br>ХІХ қалалық<br>ғылыми-тәжірибелік<br>онлайн конференция | «Ойын арқылы 4-6<br>жастағы балалардың<br>креативті ойлауын<br>қалыптастыру»                                         | 19.02.<br>2021ж | Сертификат |
| 42 | М.Н.Тугелбаева | Нұр-Сұлтан қаласы<br>«Гуманитарлық<br>колледжі»<br>әлеуметтік<br>серіктестері<br>ХІХ қалалық<br>ғылыми-тәжірибелік<br>онлайн конференция | «Балаларды мектепке<br>дейінгі даярлауда<br>танымдық<br>процестерді дамытуға<br>арналған<br>дидактикалық<br>ойындар» | 19.02.<br>2021ж | Сертификат |
| 43 | Р.Ө.Өмірзақ    | Нұр-Сұлтан қаласы<br>«Гуманитарлық<br>колледжі»<br>әлеуметтік<br>серіктестері<br>ХІХ қалалық<br>ғылыми-тәжірибелік<br>онлайн конференция | «Мектепке дейінгі<br>ұйымдарда<br>В.Воскобовичтің<br>ойындарын<br>пайдалану»                                         | 19.02.<br>2021ж | Сертификат |
| 44 | Ж.К.Конакбаева | Нұр-Сұлтан қаласы<br>«Гуманитарлық<br>колледжі»<br>әлеуметтік<br>серіктестері<br>ХІХ қалалық<br>ғылыми-тәжірибелік<br>онлайн конференция | «Тәрбиеленушілердің<br>зерттеу қабілеттерін<br>арттыруда Наураша<br>сандық зертханасын<br>пайдалану»                 | 19.02.<br>2021ж | Сертификат |
| 45 | Ш.Н.Исакова    | Нұр-Сұлтан қаласы<br>«Гуманитарлық<br>колледжі»<br>әлеуметтік<br>серіктестері<br>ХІХ қалалық<br>ғылыми-тәжірибелік<br>онлайн конференция | «Мектеп жасына<br>дейінгі балалардың<br>тілін дамытуда<br>мнемотехника әдісін<br>қолдану»                            | 19.02.<br>2021ж | Сертификат |
| 46 | Э.Д.Жармабаева | Нұр-Сұлтан қаласы<br>«Гуманитарлық<br>колледжі»<br>әлеуметтік<br>серіктестері<br>ХІХ қалалық<br>ғылыми-тәжірибелік<br>онлайн конференция | «Особенности<br>обучения<br>дошкольников<br>русскому языку в<br>национальном детском<br>саду»                        | 19.02.<br>2021ж | Сертификат |

|    |                  |                                              |                                                                                     |                |           |
|----|------------------|----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|----------------|-----------|
| 47 | М.А.Сатпаева     | «Үркер»<br>Халықаралық<br>олимпиада орталығы | Білімқұмар балаларға<br>арналған<br>Республикалық<br>«Үркер» зияткерлік<br>марафоны | 23.10<br>2021ж | Алғыс хат |
| 48 | Ж.Ж.Жаманкулова  | «Үркер»<br>Халықаралық<br>олимпиада орталығы | Білімқұмар балаларға<br>арналған<br>Республикалық<br>«Үркер» зияткерлік<br>марафоны | 23.10<br>2021ж | Алғыс хат |
| 49 | А.Б.Берикова     | «Үркер»<br>Халықаралық<br>олимпиада орталығы | Білімқұмар балаларға<br>арналған<br>Республикалық<br>«Үркер» зияткерлік<br>марафоны | 23.10<br>2021ж | Алғыс хат |
| 50 | А.М.Абдина       | «Үркер»<br>Халықаралық<br>олимпиада орталығы | Білімқұмар балаларға<br>арналған<br>Республикалық<br>«Үркер» зияткерлік<br>марафоны | 23.10<br>2021ж | Алғыс хат |
| 51 | Ж.К.Конакбаева   | «Үркер»<br>Халықаралық<br>олимпиада орталығы | Білімқұмар балаларға<br>арналған<br>Республикалық<br>«Үркер» зияткерлік<br>марафоны | 23.10<br>2021ж | Алғыс хат |
| 52 | А.Т.Молдахметова | «Үркер»<br>Халықаралық<br>олимпиада орталығы | Білімқұмар балаларға<br>арналған<br>Республикалық<br>«Үркер» зияткерлік<br>марафоны | 23.10<br>2021ж | Алғыс хат |
| 53 | Ж.М.Темірғалиев  | «Мен жастарға<br>сенемін» қоғамдық<br>қоры   | «Күз кереметі» атты<br>республикалық балалар<br>байқауы                             | 02.11.20<br>21 | Диплом    |
| 54 | А.Б.Берикова     | «Мен жастарға<br>сенемін» қоғамдық<br>қоры   | «Күз кереметі» атты<br>республикалық балалар<br>байқауы                             | 02.11.20<br>21 | Диплом    |
| 55 | М.Н.Тугелбаева   | «Мен жастарға<br>сенемін» қоғамдық<br>қоры   | «Күз кереметі» атты<br>республикалық балалар<br>байқауы                             | 02.11.20<br>21 | Диплом    |
| 56 | А.Т.Молдахметова | «Мен жастарға<br>сенемін» қоғамдық<br>қоры   | «Күз кереметі» атты<br>республикалық балалар<br>байқауы                             | 02.11.20<br>21 | Диплом    |

## Педагогтарды аттестаттау туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметтің кадрлық құрамының сапасын қамтамасыз ету;

Азаматтық қызметшілердің олардың қызметіне байланысты мемлекеттік білім беру, ғылыми-техникалық саясатпен анықталған міндеттерді іске асыруға тұлғалық-кәсіби дайындығын арттыру;

Қызмет шеңберінде білім беру жүйесінің азаматтық қызметшілерінің үздіксіз білім алуына ынталандыру.

ҚР-ның 15.05.2007 жылғы № 251 Еңбек кодексінің 233 бабына, ҚР-ның 27.07.2007 жылғы №319-III «Білім туралы» заңы (5 бабының 37 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 07 тамыздағы № 323 бұйрығымен бекітілген балабақша педагогикалық қызметкерлеріне аттестаттау тәртібі белгіленген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен 2013 жылғы 7 тамыз №323 Астана қаласы «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы Ережесімен» №80 «Ботақан» балабақша педагогтары танысты.

Мектепке дейінгі тәрбие білім беру педагог қызметкерлері осы Ережеге сәйкес 2019-2020 оқу жылында аттестаттаудан өту үшін балабақша аттестаттау комиссиясына 9 педагог өтініш берді. Өтініш берген педагогтар: Ж.Ж.Жанакулова, Ж.Б.Ескеева, М.А.Сатпаева, А.Т.Молдахметова, А.Б.Берикова, А.С.Шамшиева, Ж.К.Конакбаева, Т.Қ.Әлібекова, М.Н.Тугелбаева

№80 «Ботақан» балабақшасының аттестаттау комиссиясы сайланды:

1. Жанар Сеиткалиевна Дюсенова – төрайымы
2. Жұлдыз Бурабаевна Ескеева - төрайымның орынбасары

### Мүшелері:

3. Ляйля Каирбековна Боранбаева – инновация әдіскері
4. Эльнара Догдырхановна Жармабаева – орыс тілі пәні мұғалімі
5. Шохиста Нуридиновна Исакова – комиссия хатшысы

Кезекті аттестаттау комиссия отырысында жұмыс жоспары бекітілді. «Аттестаттау бұрышында» барлық қажетті құжаттар көрсетілген.

Астана қаласы Білім басқармасына педагогтар өз еркімен мерзімінен бұрын аттестаттаудан өту өтініш берген: Ж.Ж.Жанакулова, Ж.Б.Ескеева, М.А.Сатпаева, А.Т.Молдахметова, А.Б.Берикова, А.С.Шамшиева, Ж.К.Конакбаева

10 желтоқсанда №56 мектеп - лицейде өткен кезектен тыс тестілеудің нәтижесі:

1. Ж.Б.Ескеева - 91 (62/29)балл
2. Ж.Ж.Жанакулова – 73 (44/29) балл
3. Ж.К.Конакбаева – 95 (70/25) балл
4. А.Т.Молдахметова – 95 (65/30) балл
5. А.Б.Берикова – 64 (49/15) балл
6. А.С.Шамшиева – 93 (63/30)
7. М.А.Сатпаева – 96 (66/30)

Тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптар оқыту әдістемесі бойынша кемінде 70%, педагогика және психология негіздері бойынша - 50%, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша - 50% болса оң деп есептеледі. Тестілеу орталығының хаттамасы бойынша барлық педагогтар қажетті балл жинап, аттестаттаудың келесі кезеңіне жіберілді.

Балабақша әкімшілігі педагогтардың кәсіптік білім деңгейін жоғарылату мақсатында үнемі жұмыс жүргізеді. Егер 2017-2018 оқу жылы білім санатын жоғарылату үшін өтініш берілмесе, 2019-2020 оқу жылында 9 педагог өз өтініштерін тапсырды.

#### **Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары**

| <b>р/с</b> | <b>Жұмыс мазмұны</b>                                                          | <b>Мерзімі</b> | <b>Жауаптылар</b>                                      |
|------------|-------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------------------------------------------------------|
| 1          | 2                                                                             | 4              | 5                                                      |
| 1          | Өтініштерді қабылдау. Аттестаттау ережелерімен танысу                         | қыркүйек       | Аттестаттау комиссиясының төрайымы                     |
| 2          | Аттестатталуға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту | қыркүйек       | Аттестаттау комиссиясының төрайымы                     |
| 3          | Аттестаттау комиссия құрамын іріктеу, міндеттерді бөлу                        | қыркүйек       | Балабақша әкімшілігі                                   |
| 4          | Аттестаттау комиссия қызметін жоспарлау                                       | қыркүйек       | Меңгеруші, әдіскер                                     |
| 5          | Аттестаттау мәселелері бойынша педагогтарға арналған ақпарат рәсімдеу         | қазан          | Хатшы, аттестаттау комиссиясы                          |
| 6          | Нормативтік құқықтық құжаттарға байланысты кеңес беру –әңгімелесу             | қазан          | Аттестаттау комиссиясы, аттестатталушы педагогтар      |
| 7          | Ұйымдастырылған оқыту қызметінің жоспарлануын тексеру                         | Бір жыл ішінде | Аттестаттау комиссиясының төрайымы<br>Сараптамалық топ |
| 8          | Әдістемелік жұмысқа қатысу                                                    | Жоспар         | Әдіскер,                                               |

|    |                                                                                                                      |            |                                                 |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|-------------------------------------------------|
|    |                                                                                                                      | бойынша    | аттестатталушы педагогтар                       |
| 9  | Нәтижелерді қадағалау                                                                                                | екі жылдың | Сараптамалық топ                                |
| 10 | Аттестатталатын педагогтың eportfolio.kz сайтындағы электронды портфолиосының толтырылуы.                            | қаңтар     | АК төрайымы, аттестатталушы педагогтар          |
| 11 | Кезеннің тыс тестілеу шараларына қатысу                                                                              | желтоқсан  | Аттестатталушылар                               |
| 12 | Аттестатталушы педагогтардың кәсіптік тестілеу нәтижесімен таныстыру                                                 | қаңтар     | Аттестаттау комиссиясының төрайымы              |
| 13 | Аттестатталатын педагогтардың шығармашылық есебі                                                                     | наурыз     | Аттестаттау комиссиясы,                         |
| 14 | Құжаттар портфолиосын сараптау, аттестатталатын педагогтардың шығармашылық портфолиосы.                              | наурыз     | Аттестаттау комиссиясы                          |
| 15 | Аттестаттау кеңесінің отырыстары                                                                                     | наурыз     | Аттестаттау комиссиясы,                         |
| 16 | Қалалық аттестаттау комиссиясына құжаттар тапсыру                                                                    | наурыз     | Хатшы,<br>Сараптамалық топ<br>Аттестатталушылар |
| 17 | Бұйрық шығару, тіркеу.<br>Келесі оқу жылында біліктілікті арттыруға үміткер педагогтардың кандидатураларын қарастыру | мамыр      | Аттестаттау комиссиясының төрайымы              |

**№80 «БОТАҚАН» БАЛАБАҚШАСЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ  
/2017-2022 оқу жылдары/**

Оқу жылында балабақшада психологиялық қызмет көрсету арқылы мына мақсат жүзеге асырылды:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметті ортадағы мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті, шығармашылыққа бейімделген жеке тұлғаны тәрбиелеу
- Балалардың психологиялық денсаулығын нығайту, мектепке дейінгі мекемеде үйлесімді жетілуін қадағалау
- Бала тәрбиелеу және оқыту процесінде педагогтардың және ата-аналардың жетіктігін арттыру

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегі міндеттер орындалды:

- Ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың жеке белсенділігін дамыту
- Әр баланың жас ерекшелігін ескере отырып, психологиялық денсаулығын қадағалау, сонымен қатар әр баланың дұрыс дамуына жағдай жасау
- Оқу қызметінен тыс уақытта балалардың арасында қарым-қатнастың диалогтық типіне ықпал ету
- Ата-аналар мен тәрбиешілердің ынтымақтастықта болуына жағдай жасау.
- 

**2017-2022 оқу жылдарында, жылдық жұмыс жоспардың орындалуы**

2017 - 2022 оқу жылында келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

1. психологиялық ағарту және профилактика;
2. психологиялық кеңес беру;
3. психологиялық түзету және дамыту;
4. психологиялық диагностика.

**1. Психологиялық ағарту және профилактика**

Оқу жылы бойынша ата-аналармен педагогтарға арналған ақпараттар мен кеңестер жоспарға сәйкес дайындалды:

- «Балаға бейімделу кезінде ата-ананың көмегі»,
- «Баланың қайта бейімделу кезеңінен өтуі»,
- «Бейімделу кезінде балабақшада баланы психологиялық көмек»
- «Баланың балабақшаға үйрену кезіндегі кедергілері мен жетістіктері»
- «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?»
- «Сіз қандай ата-анасыз?»
- «Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас құзіреттілігі»
- «Сіз қаншалықты ерікті адамсыз?»
- «Жақсы көңіл-күй формуласы»
- «Жылулық сыйлайық»
- «Қарым –қатынас » тренингі
- «Мамандығым-мақтанышым» тренинг
- «Баланың психологиялық денсаулығын қалай сақтау керек»
- «6 жасар баланы мектепке дайындаудың психологиялық шарттары»

- «Сіздің балаңыз - оқушы»  
«Балабақша және ата-ана ынтымақтастығы»

## **2. Психологиялық кеңес беру**

Жыл бойы ата-аналар, педагогтар және балабақша қызметкерлері бала тәрбиесіне және жеке отбасылық жағдайларына қатысты кеңес алды, соның ішінде:

*2017-2018 оқу жылы:*

- ата-аналар – 19;
  - педагогтар – 12;
  - балабақша қызметкерлері – 4.

*2018-2019 оқу жылы:*

- ата-аналар – 22;
  - педагогтар – 8;
  - балабақша қызметкерлері – 6.

*2019-2020 оқу жылы:*

- ата-аналар – 11;
  - педагогтар – 10;
  - балабақша қызметкерлері – 5.

*2020-2021 оқу жылы:*

- ата-аналар – 6;
  - педагогтар – 5;
  - балабақша қызметкерлері – 3.

*2021-2022 оқу жылы:*

- ата-аналар – 5;
  - педагогтар – 3;
  - балабақша қызметкерлері – 2.

### **Ата-аналар кеңестерінің тақырыптары:**

- «Менің балам, балабақшада және үйде»;
- «Баланың ұялшақтығымен күресу»;
- «Неліктен бала балабақшаға келген кезде анасынан ажырағысы келмейді?»;
- «Баланың мектепке дайындығы»;
- «Баланың балабақшаға бейімделуі»;
- «Баланың танымдық қабілеттерін арттыру жолдары»;
- «Баланың тәртібі»;
- «Кеселдер (жаман әдеттер)»;
- «Қорқыныштар»
- «Баланың көңіл-күйі»
- «Сөздің бұзушылығы»;

### **Педагогтар кеңестерінің тақырыптары:**

- «Алғашқы диагностика қорытындысымен таныстыру»;
- «Топ балаларының тәртібі»;
- «Балалардың қарым-қатынастары»;
- «Мектепке баратын балалардың интеллекті және психологиялық дайындығы»

- «Баланың психологиялық денсаулығын сақтау»

**Қызметкерлер кеңестерінің тақырыптары:**

- «Менің ұжымым»;
- «Отбасыдағы қарым-қатынасты біркелкі қалыпқа келтіру»;
- «Отбасыдағы дағдарыс»;

**3. Психологиялық диагностика**

Психологиялық диагностика жоспар бойынша және ата-аналар немесе тәрбиешілер сұранысы бойынша жүргізілді. Психологиялық диагностика ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау және өлшеу әдістемесі», Н.И.Бениш, Е.А.Стребелева, Ю.А.Разенкова, А.Л.Венгер, Векслер, М.Люшер және тағы басқа ғалымдар әдістемелері бойынша өткізілді.

Психологиялық диагностика келесі бағыт бойынша өтті:

- Тәрбиеленушілер жайында ақпарат жинақтау
- «Мектепке жол» сабақ топтамасы

**Жаңадан келген балалардың бейімделу қортындысы**

***2017-2018 оқу жылындағы балалардың балабақшаға бейімделуінің жалпы көрсеткіші:***

жоғары -25 бала, 33%  
орта деңгей – 34 бала, 46%  
төмен- 15 бала,20%

***2018-2019 оқу жылындағы балалардың балабақшаға бейімделуінің жалпы көрсеткіші:***

жоғары - 19 бала, 25%  
орта деңгей - 44 бала, 59%  
төмен деңгей – 11 бала, 15 %

***2019-2020 оқу жылындағы балалардың балабақшаға бейімделуінің жалпы көрсеткіші:***

жоғары -22 бала, 30%  
орта деңгей – 39 бала, 54%  
төмен-11 бала,15%

***2020-2021 оқу жылындағы балалардың балабақшаға бейімделуінің жалпы көрсеткіші:***

жоғары - 23 бала, 37%  
орта деңгей - 35 бала, 56%  
төмен- 4 бала,6%

***2021-2022 оқу жылындағы балалардың балабақшаға бейімделуінің жалпы көрсеткіші:***

жоғары – 23 бала, 38%  
орта деңгей - 32 бала, 53%  
төмен- 5 бала, 8 %



Бейімделу нәтижесі бойынша № 80 «Ботақан» балабақшасында балалардың бейімделу кезеңінен өтулеріне қолайлы жағдай жасалғаны жайында айтуға болады.

Сонымен қатар бейімделу кезінде келесі жұмыстар жүргізілді:

- ата-аналарды МДМ таныстыру;
- баланың денсаулық паспортымен танысу;
- бейімделу кезінде топтарды аралау және жеке балаларға қадағалау жүргізу;
- психологиялық қызметтің жұмысы жайынды ата-аналарға ақпарат беру;
- ата-аналар үшін топтық және жеке кеңес беру;
- тәрбиешілерді психологиялық қолдау (сұраныс бойынша);
- ата-аналарға арналған брошюра тарату (балалардың балабақшаға бейімделу жайында);
- ата-аналар сұранысы бойынша жеке балалармен жұмыс;
- балалармен дамытушылық жұмыс;
- тәрбиешілерге арналған тренингтер (эмоционалды күйінудің алдын-алу)

Оқу жылында 2 рет (басында, аяғында) бала дамуының траекториясы дайындалды. Алғашқы диагностика қыркүйек және қазан айларында, ал қорытынды диагностика наурыз және сәуір айларында жүргізілді. Е.А.Горбунова әдістемелері бойынша тестілеу және бақылау жұмыстары ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде балалардың есте сақтау, қабылдау, зейін, ойлау, сөйлеу және қимыл іс-әрекет пен рефлексиялық қабілеттерін дамытуға арналған психодинамикалық ұйымдастырылған оқу әрекеттері жүргізілді.

**2017-2022 оқу жылында балаларда төмендегі көрсеткіштер анықталды:**

| Таным<br>үрдістері              | 2017-2018<br>оқу жылы | 2018-2019<br>оқу жылы | 2019-2020<br>оқу жылы | 2020-2021<br>оқу жылы | 2021-2022<br>оқу жылы |
|---------------------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| <i>Зейіннің<br/>тұрақтылығы</i> | Ж -19%<br>О - 58%     | Ж -25%<br>О - 53%     | Ж -22%<br>О - 52%     | Ж -22%<br>О - 55%     | Ж -2%<br>О - 54%      |

|                                            |                              |                              |                              |                              |                              |
|--------------------------------------------|------------------------------|------------------------------|------------------------------|------------------------------|------------------------------|
|                                            | T - 23%                      | T - 22%                      | T - 26%                      | T - 23%                      | T - 25%                      |
| <i>Ойлау қабілетінің тұрақтылығы</i>       | Ж -28%<br>О - 46%<br>T - 26% | Ж -20%<br>О - 55%<br>T - 25% | Ж -21%<br>О - 59%<br>T - 20% | Ж -21%<br>О - 50%<br>T - 29% | Ж -34%<br>О - 41%<br>T - 25% |
| <i>Қабылдау қабілетінің тұрақтылығы</i>    | Ж -37%<br>О - 40%<br>T - 23% | Ж -28%<br>О - 45%<br>T -27%  | Ж -28%<br>О - 49%<br>T - 23% | Ж -21%<br>О - 59%<br>T - 20% | Ж -35%<br>О - 37%<br>T - 28% |
| <i>Есте сақтау қабілетінің тұрақтылығы</i> | Ж -20%<br>О - 45%<br>T -35%  | Ж -23%<br>О - 46%<br>T - 31% | Ж -25%<br>О - 42%<br>T - 33% | Ж -22%<br>О - 42%<br>T - 36% | Ж -20%<br>О - 43%<br>T - 37% |
| <i>Қиялдау қабілетінің тұрақтылығы</i>     | Ж -35%<br>О - 55%<br>T - 10% | Ж -31%<br>О - 58%<br>T - 11% | Ж -36%<br>О - 59%<br>T - 5%  | Ж -21%<br>О - 50%<br>T - 20% | Ж -34%<br>О - 54%<br>T - 12% |

Психологиялық диагностика келесі әдістеме бойынша жүргізілді:  
Әдістеме 5 тапсырмадан тұрады және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тандалып алынды.

Жоғары деңгей (3 ұпай) – тапсырма қатесіз орындалса;

Орта деңгей(ұпай) – тапсырма 1 қатемен орындалса;

Төмен деңгей(ұпай) – тапсырма дұрыс орындалмаған жағдайда қойылды.


7-9 ұпай жинағандар – төмен деңгей;

10-15 ұпай – орта деңгей;

16-18 ұпай – жоғары деңгей;


Ортаңғы топ балаларына қабылдау процессін анықтау мақсатында «Балықтардың анасын табуға көмектес» әдістемесі қолданылды. Нұсқауы: әр балыққа өз баласын табуға көмектес, оларды сызық бойынша қос. Зейінін анықтау мақсатында «Үйлер» әдістемесі. Нұсқауы: үйлерге қара, бірінші үйге терезе сал, екінші үйдің шатырын боя, ең кішкентай үйді жалпы боя. Есте сақтау қабілетін анықтауда «Есте сақта және тап» нұсқау: берілген суреттерді есте сақтап, табу. Ойлау қабілетін анықтауда «Ойыншықтарды тап» нұсқау: берілген суреттер арасынан ойыншықтарды табу сияқты тапсырмалар алынды.

Балапан ортаңғы тобының талдау нәтижесі



Балапан тобы бойынша жоғары ұпай жинаған балалар саны -4 бала ; қалыпты деңгейде -21 бала; әлі де даму үстінде – 6 бала. Топ балаларының дамуы қалыпты жағдайда.

#### Көжек ортаңғы тобының талдау нәтижесі




Көжек ортаңғы тобы балаларының таным процестерін анықтауда жоғары ұпай жинаған балалар саны- 3; қалыпты жағдайда- 16 бала; әлі де даму үстіндегі балалар – 12 бала;

«Көжек» тобының балаларының даму деңгейі баяу. Балармен есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытатын жаттығулар мен логикалық тапсырмаларды қолданылу ұсынылды.

Ересек топ балаларына қабылдау процесін анықтауда «*Бірдей заттарды тап*» нұсқауы: әр жолда бірдей заттарды тапта оларды бояу; Зейін процестерін анықтауда «*Үй салайық*» әдістемесі. нұсқауы: Сол жағындағы және оң жағындағы үйлерге қара, жетіспейтін сызықтарды сал. Үйлер бірдей болу қажет; Ойлау қабілетін анықтауда «*Кілемге жамау сал*» нұсқауы: Кілемде тесік бар соған келетін жамау тауып сызықпен қос; Сөйлеу процесін


анықтауда «Әңгіме құр» нұсқауы: берілген суреттерге қарап әңгіме құрастыру.

### Қошақан ересек тобының талдау нәтижесі



Зерттеуге қатысқан бала саны - 30 бала. «Қошақан» ересек тобы балаларының даму процесін анықтауда жоғары ұпай жинаған балалар – 5 бала ; қалыпты жағдайда -16 бала ; әлі де даму үстінде- 9 бала. Даму процесі баяу жүріп жатқан балалармен дамыту ойындары жүргізілу ұсынылды. Жеке және топтық тапсырмалар, есте сақтау процесін дамытатын және логикалық тапсырмалар қолдану. Жалпы топ балаларының дамуы қалыпты.


### Қонжық ересек тобының талдау нәтижесі



Зерттеуге қатысқан жалпы бала саны – 31 бала. «Қонжық» ересек тобы балаларының даму деңгейі жоғары балалар- 7 бала; қалыпты деңгей- 19; даму үстінде – 5 бала. Жалпы топтың дамуы қалыпты жағдайда. Даму деңгейі төмен балалармен дамыту ойындары мен логикалық тапсырмалар өткізу ұсынылады.


Мектепалды даярлық топ балаларына «Қатарды жалғастыр», «Суретпен санды қос», «Суретті жалғастыр», «Көру арқылы есте сақтау», «Белгілерді қой» әдістемелері алынды.

#### Құлыншақ мектепалды даярлық тобының зерттеу нәтижесі



Зерттеуге қатысқан бала саны- 32 бала; даму деңгейі жоғары бала саны- 7 бала; қалыпты дамуда- 14; төмен деңгейде – 11 бала. Балаларды мемлекеттік тілде таза сөйлеуге үйрету. Ата-аналар тарапынан қолдау. Тәрбиешілермен ата-аналарға оқыту үрдісі барысында балаларды есте сақтау, зейін, сөйлеу процестерін арттыруға байланысты қосымша жаттығулар мен логикалық тапсырмаларды қолдануға ұсыныстар жасау.

#### Ақбота мектепалды даярлық тобының зерттеу нәтижесі



Зерттеуге қатысқан бала саны -34 бала; оның ішінде жоғары деңгейде – 6 бала; орта деңгейде- 22 бала ; төмен деңгей көрсеткендер- 6 бала. Балалармен сөйлеуді дамытуға аса назар аудару, мемлекеттік тілде таза сөйлеуге үйрету. Тәрбиешілерге оқыту үрдісі барысында балаларды зейінін, есте сақтау процестерін арттыруға байланысты қосымша жаттығулар мен логикалық тапсырмаларды қолдануға ұсыныстар жасау.

**Ата-аналармен жүргізілген сауалнаманың нәтижелері**  
(барлық жас топтары)

| <b>Сұрақ</b>                                                                               | <b>2017-2018</b> | <b>2018-2019</b> | <b>2019-2020</b> | <b>2020-2021</b> | <b>2021-2022</b> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|
| Педагогтармен балалардың қарым-қатынас стилі сізді қанағаттандыра ма? «Иә», «кейде», «жоқ» | 87%              | 90%              | 94%              | 91%              | 93%              |
| Сіздің балаңыз балабақшаға барғысы келіп бара ма?                                          | 87%              | 87%              | 91%              | 89%              | 92%              |

Балабақшада балалар арасында және тәрбиешілер мен балалар, педагогтармен ата-аналар, ата-аналармен балалар арасында қалыптасқан қарым-қатынас үйлесімді оң сипатында.

Осындай жақсы бағытта қалыптасқан қарым-қатынас түрлері баланың ойын іс-әрекетінде айқындалады, оған балабақшада қажетті жағдайлар бар.

#### **4. Психологиялық түзету және дамытушылық жұмыс**

Түзету-дамытушылық жұмыстар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өткізілді.

Жалпы жыл бойы түзету-дамытушылық жұмыс өткізілді.

Түзету-дамытушылық жұмыстар ата-аналардың келісімі бойынша өткізілді.

##### **Балабақша жұмыстарына қатысу:**

- мерекелік іс-әрекеттер кезінде балаларды психологиялық қолдау;
- спорттық жарыстар кезінде балаларды психологиялық қолдау;
- жиналыстарға қатысу;
- сенбіліктерге қатысу;

Қорыта келе, алдағы уақытта балалардың ойын іс-әрекетін жаңаша заман талабына сәйкес бағытта ұйымдастыру мәселесі жаңа оқу жылына орындалатын міндет етіп қалдыру қажет болып тұр.

#### **№80«Ботақан» балабақшасы педагог-психологының 2021-2022 оқу жылы бойынша статистикалық есебі**

|                                             |           |                |          |               |           |
|---------------------------------------------|-----------|----------------|----------|---------------|-----------|
| <b>Жеке зерттеулер саны</b>                 | <b>-</b>  | алғашқы        | -        | Ата-аналар    | -         |
|                                             |           | қайталама      | -        | Мамандар      | -         |
| <b>Жеке кеңес берулер саны</b>              | <b>15</b> | тәрбиешілермен | <b>3</b> | Ата-аналармен | <b>10</b> |
|                                             |           |                |          | Мамандармен   | <b>2</b>  |
| <b>Жеке түзете-дамыту сабақтарының саны</b> | <b>8</b>  | балалармен     | <b>8</b> | Ата-аналармен |           |
|                                             |           |                |          | Мамандармен   |           |

|                                                                           |   |                                      |   |                          |   |
|---------------------------------------------------------------------------|---|--------------------------------------|---|--------------------------|---|
| Топтық зерттеулер саны                                                    | 3 | балалар                              | 3 | Ата-аналар               |   |
|                                                                           |   |                                      |   | Мамандар                 |   |
| Топтық түзете-дамыту сабақтарының саны                                    | 6 | балалармен                           | 6 | Ата-аналармен            |   |
|                                                                           |   |                                      |   | Мамандармен              |   |
| Топтық кеңес берулер саны                                                 | 3 | Тәрбиешілер                          |   | Ата-аналар               | 2 |
|                                                                           |   |                                      |   | Мамандар                 | 1 |
| Топтардағы топтық сабақтарға қатысқан саны                                | 8 | балалармен                           |   | Ата-аналармен            |   |
|                                                                           |   |                                      |   | Мамандармен              |   |
| Конференцияларға қатысу саны                                              | - | Республикалық                        |   | Қалалық                  | - |
| Кәсіби шеберлік байқауларына қатысу саны                                  | - | Республикалық                        | - | Қалалық                  | - |
| Акцияларға қатысу саны                                                    | - | Республикалық                        | - | Қалалық                  | - |
| Жарияланған ғылыми мақалаларының саны                                     | - | Республикалық деңгейде               | - | Қалалық деңгейде         | - |
| Педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу саны                                  | 2 | Жоспар бойынша                       | 1 | Жоспардан тыс            | 1 |
| Эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу                         | - | Жоспар бойынша                       | - | Жоспардан тыс            | - |
| Өткізілген семинарлар саны                                                | - | Педагогтар үшін/ басқа мамандар үшін | - | Ата-аналар үшін          | - |
| Топтарда қатысу саны                                                      |   | Шығармашылық                         |   | Бастамалық (инициативті) |   |
| Ашық сабақтар саны                                                        | 3 | Басқа мамандардың сабақтарына қатысу |   |                          | - |
| Қалалық деңгейде өткізілген шеберлік сабақтар, қалалық ашық сабақтар саны | - |                                      |   |                          | 2 |
| Балабақша сайтында психологиялық ақпараттардың болуы                      | - |                                      |   |                          |   |
| Психологиялық үйірмелерді жүргізу саны                                    | - |                                      |   |                          |   |
| Қоғамдастықтармен байланыс саны                                           | - |                                      |   |                          |   |

## **Балалардың мектепке дайындық қорытындысы**

Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру бойынша жұмыс мақсаты: балалардың мектепке, білім алуға деген қызығушылығын тәрбиелеу, оқу әрекетіне және оқу ынтасына деген ықыластарын қалыптастыру.

Міндеті: баланың болашақта мектепке, жаңа ортаға тез бейімделуін қамтамасыз ету және мектепке дейінгі білім деңгейін сапалы ету.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың мектептегі сабақтарға қатысуы мектеп өміріне араласуы, ата-аналардың ұйымдастыру жұмыстарына қатысуы мектеп өмірімен, ережелермен танысуға мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке деген жақсы пікірін тәрбиелеу – педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі. Осы орайда мекемеде атқарылатын ата-аналармен жұмыстың маңызы өте зор. Ата-аналармен жұмыс оқу жылы барысында жоспарлы жүргізіледі.

Ата-аналармен бірлескен кеңес, жиналыстарда баланың мектепке дайындық деңгейі; танымдық қабілеттерінің дамуы; мектеп және балаларды оқытуға арналған болашақ оқу бағдарламаларын таңдау туралы кеңінен айтылады, талданады. Мектептің және балабақшаның психологтары ата-аналардың барлық сауалдарына жауап береді және кеңестер өткізеді. Осындай барлық іс-шаралар баланың балабақшада болған кезінен бастап ата-аналардың баласы баратын мектепті таңдауына көмектеседі.

Бала мектептегі жаңа әрекетке ғана емес, сонымен қатар, өзінің құқықтары мен міндеттері бар жаңа әлеуметтік оқушы жағдайына дайын болуы қажет. Балаларды мектепке дайындау балабақша жұмысының басты бағыты екендігін педагогикалық ұжым жақсы білетіндіктен осы орайда ізденіс, шығармашылық пен инновациялық технологияларды пайдалану, жаңаша әдіс-тәсілдерді жетілдіре түсу жұмыстары алға қойылған. Балабақшаның тәрбиелеу және оқыту жұмысының барлық жүйесі балалардың мектепте оқуға дайындығын қалыптастыруды жан-жақты қарастырады.

Бірінші сыныпқа баратын балаларға ойлауды үйрету үшін, тиімді әдіс-тәсілдер қажет: өздігінен жемісті әрекет етуді үйренуі, жан-жақты дамуы, бағдарламаның негізгі пәндері бойынша сапалы білім алуы үшін балабақшаның педагогикалық ұжымы барлық жағдай жасайды.

Балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруден өткізу, білімдерін бақылау мониторингтерін жасау, барлық пәндер бойынша бағдарлама материалын меңгеруді талдауының қорытындысы бойынша балалардың мектепке дайындық бағдарламасы бойынша жақсы білім қорын игеруіне мүмкіндік жасайды.

Оқушылар мен мектепалды даярлау топ балаларының арасындағы байланыс оқу жылы барысында өз жалғасын табады. Мектеп жасына дейінгі баланы мектеппен, оқушылардың оқу және қоғамдық өмірімен таныстыру балабақша тәрбиеленушілерінің сәйкес ұғымдарын кеңейтуге, олардың мектепке, оқуға деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік жасайды. Мұндай жұмыс түрлері сан алуан: мектеппен танысу, мектеп мұражайына, кітапханаға, шеберханаға, спорт залына, акт залына бару, біріккен сабақтар,



ойын-сауықтар өткізу, жұмыстар және суреттер көрмесін ұйымдастыру, балабақшаның бітіріп кеткен түлектерімен кездесу және әңгіме сағаттарын өткізу. Осындай іс-шаралар арқылы балалардың мектепке деген қызығушылығын ояту, қорқыныштарын сейілту және өз күшіне сенімділікті ұялатады. Балабақша мен мектеп арасында байланыс және шығармашылық ынтымақтастық орнату – балаларды жүйелі оқытуға дайындау мәселелерін жемісті шешудің қажетті шарты ретінде қарастырылып келеді.

2021-2022 оқу жылының түлектер саны - 64 бала.

Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтауда Керн Иерасек әдістемесі қолданылды. Әдістеме 3 тапсырмадан тұрады. Бірінші, ер адамның суретін салу. Екінші, берілген сөйлемді көшіріп жазу. Үшінші, нүктелерді қайталап белгілеу.


Бағалау критерийі: жоғары – 1 ұпай, орташа -2 ұпай, төмен -3,4, 5 ұпай

3-6 ұпай жинағандар – баланың мектепке дайындығы жоғары.


7-11 ұпай жинағандар – баланың мектепке дайындық деңгейі орташа

12-15 ұпай - баланың мектепке дайындық деңгейі төмен.

### **Құлыншақ мектепалды даярлық тобы (31бала)**




### **Ақбота мектепалды даярлық тобы (33 бала)**



Жоспарлы өткізілген, әкімшілік тарапынан бақылау, сараптау жұмыстарын қорытындылай келе өткізілетін іс-шаралар, мектепке, жаңа

білім алуға деген қызығушылығын дамытуға себепкер болды. Жұмыстың мұндай түрі балабақша қабырғасынан шыққанбаланың мектепке бейімделуіне және тез араласуына әсер ететінін көрсетті. Жыл сайын балабақша тәрбиеленушілер саны артумен қатар, бастауыш сыныпта білім деңгейлерінің қанағаттанарлық деңгейде екендігін байқауға болады.

### Мектепалды даярлық топтарының түлектері жөнінде мәлімет



2017-2018 оқу жылы – 51 бала

2018-2019 оқу жылы – 58 бала


2019-2020 оқу жылы - 56 бала

2020-2021 оқу жылы - 53 бала

2021-2022 оқу жылы - 64 бала


Балабақшының тәрбиеленушілердің қалалық байқауларға қатысуы арқылы шығармашылыққа жетелеу, қабілеттерін ашу, жаңа мүмкіндіктер туғызу жұмыстары жолға қойылған.

### Баламен отбасы арасындағы маңызды қарым-қатынасты ұйымдастыруды анықтауға арналған сауалнаманың қорытындысы



Сауалнаманың нәтижесі бойынша баламен маңызды қарым-қатынасты ұйымдастыруда ата-аналар жақсы және қанағаттанарлық қарым-қатынаста екені байқалды.

**Ата-аналармен «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» атты сауалнамасының қорытындысының көрсеткіші**



Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 75 %бала өмірде «ең құнды» деп жауап берді.

**Ата-аналармен жүргізілген жұмыстың талдауы**

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру біздің міндетіміз. Демек, баламен жұмысты ата-аналармен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктер: әлеуметтік жағдайы, отбасы тарихы, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктері ескеріледі. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту балабақшамыздың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің алдында балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа жету үшін:

- Әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

- Өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;
- Балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау көзделеді.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары пайдаланылады, олар тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын балабақшаға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтіп отырады, ата-аналар өз баласын жақсы білуі үшін, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі үшін, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы үшін барлық жағдай жасалған. Жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстары, әртүрлі мәселелер бойынша пікірталастар, педагогикалық қонақ бөлмелері, сұрақ-жауап кештері, оқу-қызметтерінің бейнежазбалары және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау мен басқалары кешенді түрде ұсынылып отырады. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын мәселені рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқытудың мақсаты - әр балаға бастапқы мәдениет негіздерін беру, оның логикалық дамуын қамтамасыз ету, оның ойлау, эстетикалық адамгершілік тәрбиесін ұйымдастыру болып табылады. Отбасы баланың жеке тұлғалық қасиеттерінің негізгі қаланатын алғашқы әлеуметтік қауымы болып табылады. Бала отбасында отбасылық қарым-қатынастың тәртіптік ережелерін меңгереді, өзіне жақын адамдармен бірге өмір сүруге үйренеді, қуаныштары мен қайғыларын бөліседі, қамқорлыққа ие болуға және алғыс білдіруге, отбасы мүшелерінің сүйіспеншілігін және олармен бірлестікті сезіне өседі. Ал балабақшаның, яғни әлеуметтік-білім беру мекемесінің негізгі қызметі - өз тәрбиеленушілерінің отбасыларына педагогикалық көмек және қолдау көрсету, баланың дамуы мен мінез-құлқындағы проблемаларды ретке келтіру. Отбасы мен балабақшаның алдында тұрған мақсат пен міндет бір: дені сау, жан-жақты дамыған, отансүйгіштік азаматтарды тәрбиелеу. Отбасы мен балабақша - бір өзеннің екі жағасы сияқты. Олардың өзара әрекеттестігі өнімді болу үшін төмендегідей жағдай жасауды ұйғардық:

- ата-аналар, педагогтар арасында жағымды эмоционалдық орта жасау
- ата-аналардың педагогикалық шеберліктерін белсендіру (ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстыру)
- балаларды тәрбиелеудегі саналы қарым-қатынасты қалыптастыру (ата-аналардың құқықтың мәдениетін көтеру, сауалнамалар, кеңестер)
- отбасылық тәрбиенің жағымды тәжірибесін жинақтау (байқауларға, көрмелерді ұйымдастыруға шақыру).

Ата-аналарды балабақша өміріне қатысуға тарту және баланы әлеуметтендіру, өзара әрекеттестіктің ең тиімді түрлерін іздестіру және енгізу арқылы өтеді. Ата-аналар тәрбиешілердің белсенді көмекшілері болу үшін,

оларды балақша өміріне тарту керек, ата-анамен ынтымақсатықтың әр түрлі әдістерін қолдану керек. Осындай әдістерді атап өтсек:

- Ұжымдық жұмыстар - ата-аналар жиналысы, тренингтер, ашық есік күндері, балалар мен ата-аналар арасындағы бірлескен жұмыстардың көрмесі, байқаулар, сайыстар.

2. Жеке жұмыстар - ата - аналармен сұхбаттар, кеңестер, балабақша өміріне тарту

3. Көрнекілік-ақпараттық жұмыстар - отбасы суреттері, газеттері, көрмелер.

Ата-аналарға арналған әр топта "Ақпарат тақтасы" бар. Онда тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы қарым қатынасты көруге болады. Тәрбиешілер, педагогтер баланың осы күнгі болған қызықты бір оқиғасын ата-анаға осы арқылы жеткізеді. Ол балаларға да, ата-аналарға да ұнайды. Бұл ата-ана мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді.

Әр топта «Ата-аналарға арналған бұрыштар» безендірілген. Ол топтың стиліне сай, білім берудің барлық салалары туралы ақпарат бар. Әр мерекелерде көрме, іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Ата-аналар балаларымен бірге отырып, «Тәрбие – тал бесіктен» тақырыбында бірлескен қолөнер жұмыстарын ұйымдастырады. Сонымен қатар, денсаулық бұрышы бар, онда ата-аналар өздерін қызықтыратын ақпараттарын көре алады.

Жылжымалы папкалар - ата-аналарға ақпарат берудің құралы. Онда кеңестер жазылған. Осы кеңестермен баланы күтіп тұрғанда, киіндіріп жатқанда танысуға болады.

Портфолио - баланың шығармашылық жұмыстары жиналған құжат. Онда әр ата-ана баласының қандай іс-шарамен айналысқанын көре алады. Өз баласының жұмысын тамашалайды. Оны жинақтап туған-туыстарына көрсетеді.

«Ашық есік күндерін» тәрбиешілер мен мамандар үлкен шығармашылық дайындықпен өткізеді. Ата-аналар балабақшаның таңертеңнен ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісіне қатысып, пікір алмасу, сауалнама жүргізу жұмыстары жүргізіледі. Ата-аналар балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысып, өз ризашылықтарын білдіріп келеді.

